

Қорғаныс мұқтажы үшін жер учаскелерін беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1498 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексі 13-бабының

3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Ақмола облысы Бурабай ауданы Щучье қаласының елді мекендерінің жері санатынан жалпы алаңы 41,228 га жер учаскелері қорғаныс мұқтажы үшін тұрақты жер пайдалану құқығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Щучинск аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне берілсін.

2. Ақмола облысының әкімі және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2013 жылғы 31 желтоқсандағы

№ 1498 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Щучинск аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы

Р/с №	Берілетін жер учаскесінің жер санаты	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы ауданы, гектар	Оның ішінде		Жер учаскесінің нысаналы мақсаты
				ауыл шаруашылығы алқаптары (жайылым)	өзге	
1	2	3	4	5	6	7
1	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Уәлиханов көшесі, 21-үй	0,9254		0,9254	Мүліктік кешенді орналастыру және қызмет көрсету үшін
	Щучье қаласының елді					Ұлттық қорғаныс университетінің ғимараттарын

2	мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласының шығыс бөлігі	20,0914		20,0914	және құрылыстарын, кіреберіс жолын орналастыру және қызмет көрсету үшін
3	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Целинный көшесі, нөмірсіз үй	2,4561		2,4561	Спорт базасы кешенін салу және қызмет көрсету үшін
4	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Индустриальная көшесі, 1 а үй	9,4788		9,4788	Кадет корпусының ғимараттары мен құрылыстарын орналастыру және қызмет көрсету үшін
5	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Май көшесі, 19-үй	0,6320		0,6320	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің орталық әскери спорт клубы Щучье филиалының ғимараттары мен құрылыстарын орналастыру және қызмет көрсету үшін
6	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Киров көшесі, 55 а үй	0,4000		0,4000	Отыз пәтерлі тұрғын үйге қызмет көрсету үшін
7	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Трудовая көшесі, 3 а үй	2,9260		2,9260	Әскери-техникалық мектептің ғимараттары мен құрылыстарын орналастыру және қызмет көрсету үшін
8	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Трудовая көшесі, 3 б үй	0,3583		0,3583	Әскери-техникалық мектептің жатақханасын орналастыру және қызмет көрсету үшін
9	Щучье қаласының елді мекендерінің жерлері	Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучье қаласы, Щучье көлінің жағалауы	3,96		3,96	«Ботагөз» демалыс үйінің ғимараттары мен құрылыстарын орналастыру және қызмет көрсету үшін
Барлығы:			41,228		41,228	